

описаны уровни формирования у учащихся духовно-нравственной воспитанности. Единство казахстанского общества определяется общими для разных поколений традициями и духовно-нравственными ценностями. Образование является одним из основных показателей развития общества.

*Ключевые слова:* поликультурная личность; многонациональное образовательное пространство; нравственные ценности; духовно-нравственное воспитание; поликультурная среда; формирование.

### **Moral values as the basis for the formation of a multicultural personality**

*A. Kuzdeubayeva<sup>1</sup>, T. Mustapaeva<sup>1</sup>, A. Tobagabylova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkestan)*

#### *Abstract*

In the article, moral values are considered as the foundations that determine effective methods in the formation of a multicultural personality. The pedagogical conditions for the implementation of the model of the formation of a multicultural personality in a multiethnic educational space based on moral values are also considered, the relevance of the issues of spiritual and moral education in a modern school is substantiated. The purpose of the study is to identify the socio-pedagogical conditions of spiritual and moral education of modern students, taking into account the specifics of the multicultural educational environment. Based on the interdisciplinary analysis of the works of domestic scientists on this issue, the content of concepts such as “spiritual and moral education”, “educational environment”, “multicultural environment”, “regional cultural and educational environment” is considered. The authors classified the structural components, determined the indicators, and also described the levels of formation of students’ spiritual and moral education. The unity of Kazakhstan’s society is determined by traditions and spiritual and moral values common to different generations. Education is one of the main indicators of the development of society.

*Keywords:* multicultural personality; multinational educational space; moral values; spiritual and moral education; multicultural environment; forming.

*Редакцияға қабылданды: 27.09.2021*

*МРНТИ 14.29.25*

*<https://doi.org/10.51889/2021-4.2077-6861.30>*

*А.Б.ДАРКЕМБАЕВА<sup>1</sup>, Л.А.БУТАБАЕВА<sup>1</sup>,*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)  
e-mail: muza4740@mail.ru, Butabaeva\_laura@mail.ru,*

### **ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ НАШАР КӨРЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

#### *Аңдатпа*

Бұл мақалада көру қабілеті зақымдалған, оның ішінде нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы халық музыкасының алатын орны мен тәрбиелік маңыздылығы талқыланады. Мақаланың мақсаты – оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда халық музыкасын қолданудың маңыздылығын көрсетіп, оны оқыту және тәрбиелеу үрдісінде қолданудың жолдарын анықтау. Зерттеушілердің пікірлерінің негізінде нашар көретін бастауыш сынып

оқушыларының бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, дамыту бойынша ұсыныстар беріледі. Мақаланың практикалық бөлімінде оқушылардың халық музыкасына деген қызығушылықтарын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері ұсынылған. Сауалнаманың нәтижесі халық музыкасын оқу-тәрбие үрдісінде қолдануға байланысты ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Сауалнамаға сәйкес оқушылар заманауи музыкаға қарағанда халық музыкасына деген қызығушылықтарының әлдеқайда төмен екендігін байқатты. Авторлар нағыз патриот, өз халқының ұлттық музыкасын, рухани мұраларын бойына сіңіріп өскен ұрпақ тәрбиелеп шығу үшін халық музыкасын адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда қолданудың маңыздылығына басты назар аудару қажеттігін айтады. Демек, халық музыкасының адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы тәлім-тәрбиелік, тағылымдық маңыздылығы ашылып, оны нашар көретін оқушылардың оқу-тәрбие үрдісіне ендірудің маңыздылығын анықтасак, ертеңгі ұрпағымыз ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген адамгершілігі мол, патриот азамат болып өсері анық.

*Түйін сөздер:* халық музыкасы; адамгершілік тәрбие; адамгершілік құндылық; нашар көретін оқушылар; ерекше білімді қажет ететін балалар.

**Кіріспе.** Заман талабына сай білім және ғылым, мәдениетті әлемдік деңгейге көтеру дәуірінде әрбір мемлекет өзінің мәдени-рухани байлықтарын көзінің қарашығындай сақтай отырып, оны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақты тәрбиелеуі маңызды мәселелердің бірі. «Мәдени мұра» [1], «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [2], «Мәңгілік ел» [3] бағдарламасында да ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, ұрпағымызға аманат етіп қалдыру басты мақсат екендігі айтылған. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мәдени мұрамыз, оның ішінде «халық музыкасының» мүмкіндігі мол екендігін ашып көрсетті. Осыған орай қазіргі уақытта осы мәдени-рухани мұраларымызды пайдаланудың білімділік, тәрбиелік маңыздылығы арта түсуде. Оны Білім туралы заң [4], Қазақстан Республикасындағы (ҚР) гуманитарлық білім беру [5], ҚР-да тарихи сана қалыптастыру [6], ҚР этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы [7] сияқты мемлекеттік құжаттардан байқауымызға болады. Халық музыкасының үлгілерін білім мен тәрбие беруде қолдану тарихтың терең тамырынан бастау алған.

Жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды көздеген білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың бірі – оқушының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда елеулі ықпал жасайтын білім мазмұнын жетілдіру немесе оны жақсартуға ықпал ететін факторларды анықтау. Адамгершілік

құндылықтарды қалыптастыру жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беруден басталады. Адамгершілікке тәрбиелеу қалыпты және ерекше білімді қажет ететін тұлғаның жеке тұлғасын қалыптастыру және дамытудың басты құралы болып табылады, ол оның отбасына, қоршаған әлеуметтік және еңбек ортасына, өз міндеттері мен көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Ерекше білімді қажет ететін балалар барлық елдердің қоғамында бар. Көру қабілеті зақымдалған, оның ішінде нашар көретін оқушылар елімізде арнайы мектептерде және жалпы білім беретін мектептерде білім алады. Бұл балаларға білім берудегі ерекшелік – білім беру, дамыту, тәрбиелеумен қатар түзету жұмыстарын жүргізе отырып, қалдық көру қабілеттерін сақтау. Көру қабілеті зақымдалған балаларға оқу үрдісін қабылдау және таным қабілеттерінің қалыптасуы да айтарлықтай қиындық тудырады. Себебі, көру арқылы біз айналадағы ақпараттың 80 пайызын қабылдаймыз, қалған танып білуді біз сезім мүшелері (есту, мұрын, сипап сезу, дәм сезу) арқылы қабылдайды екенбіз. Осыған байланысты көру қабілеті зақымдалған балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуда оқытушы-педагогтардың көмегі өте зор. Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы қазақша оқу құралдарының жетіспеушілігі арнайы мектептердегі қазақ сыныптарының жеткіліксіз деңгейде ашылуына өз әсерін тигізіп отырғандығын

көрсетеді. Бұдан біз оқушылардың бойына рухани-мәдени байлықтарымыз, ұлттық ерекшеліктеріміз арқылы адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың мүмкіндігі аз екендігін байқаймыз.

Дегенмен нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын халық музыкасы арқылы қалыптастыру мәселесі қарастырылмаған. Осыны ескере отырып, нашар көретін балалардың жалпы білім беру бағдарламасында халық музыкасын қолдану арқылы оқушылардың адамгершілік құндылықтарын ұлттық негізде қалыптастыруға ықпал ету мәселесі көтеріліп отыр. **Жұмыстың мақсаты** – халық музыкасы, адамгершілік құндылық ұғымдарына жалпы сипаттама жасап, зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері мен ұсыныстарына сүйене отырып, халық музыкасының тәрбиелік, тағылымдық мазмұнын ашып, сонымен қатар нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын халық музыкасы негізінде қалыптастырудың маңыздылығын қарастырады.

**Әдеби шолу.** Халық музыкасы ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытудың негізгі факторы болып табылады, ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал етеді, оны әр адамның меншігіне айналдырады, жеке тұлғаны өз халқының ерекше дәстүрлерін жалғастырушы ретінде қалыптастырады. Қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерінің бірі - бұл балаларды ғасырлар бойы әр халықтың иелігіндегі байлықпен таныстыру. Тек өзімізге ғана тән ұлттық құндылықтарымызды игере отырып, басқа кезеңдер мен халқымыздың көзқарастарын түсінуімізге болады. Осыған орай, адамгершілікті, руханилықты тәрбиелеу үрдісі сол халықтың музыкасы негізінде жүргізілуі керек. Бүгінгі бала – ертеңгі еліміздің болашағы. Болашақ ұрпағымызға халық музыкасының үлгілерін қолдана отырып білім беру мен мәдени тұрғыда дамыта отырып тәрбиелеу қоғамның кез келген тұлғасының міндеті.

Әр халықтың бір-бірінен ерекшелігі – ұлттық музыкасында. Біздің халық музыкамыз – фольклорлық мұраларымыздың ерекше

маңызды саласы болып табылады. Тарихқа көз жүгіртер болсақ ол – көне дәуірден осы уақытқа дейінгі аралықты қамтиды. Орхан-Енисей жазбасы, Қорқыттың мұрасы, түркі тайпалары туралы мәліметтерден музыкалық мәдениетімізді байқамауға болмайды. Сонымен қатар «Музыканың ұлы кітабын» жазған әл-Фараби, Ибн-Сина, Дәруіш Әли сияқты данышпан, ойшылдарымыздың музыка өнеріне қатысты зерттеу еңбектері әлі де ғылыми мәнін жоймаған мұра.

Қазақ халқының бізге жеткен мәдени, рухани, музыкалық мәдениеті бір жағынан өте құндылығымен ерекшеленсе, екінші жағынан өте күрделі құбылыс болып табылатындығында. Осының ішіндегі музыкалық мәдениетті зерттеу ісімен шетел, орыс және қазақ зерттеушілері мен түрлі елдің саяхатшылары айналысқан. Оның дәлелі олардың бізге жеткен құнды мәліметтері мен деректері. Осы саладағы мұндай деректерді А. Затаевич, В. Успенский, В. Беляев, А. Жұбанов, Б. Ерзакович және т.б. бастаса, бергі жылдарда С. Күзембаева, Б. Қаракұлов, С. Еламанова, А. Мұхамбетова, А. Құнанбаева, Т. Қоңыратбай сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектерінен көре аламыз [8; 3]. Бұдан байқайтынмыз ғалым-зерттеушілердің еңбектері қазақ халқының ұлттық музыка өнерінің тарихын жинақтап, жүйелеуге ықпал етті.

Қазақ халқының рухани мұраларының бірі – фольклор. Фольклор – әр халықтың ауыз әдебиеті мен музыка өнеріне негізделген. Қазақ халқының музыкалық фольклоры салтқа байланысты және салттан тыс фольклор шығармалары болып екіге бөлінеді. Сыңсу, тойбастар, бесік жыры, жоқтау секілді салт-дәстүр шеңберінде туындаған шығармалар салтқа байланысты фольклор үлгілеріне, ал эпикалық жанр – жыр, толғау, терме, тарихи және лирикалық әндер мен халық күйлері салттан тыс фольклор түріне жатады. Фольклорлық шығармалардың, оның ішінде халық музыкасының: авторсыздығы, көпнұсқалығы, дәстүрлілігі, ауызекілігі, көркемдігі, тарихилығы, этникалық сипаты сияқты бірнеше ерекше белгілері бар. Осы ерекшеліктерінен ақ біз халық музыкасының

бізге дейін түрлі өзгеріске ұшыраса да, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін жоғалтпай жеткенін байқаймыз. Халық музыкасының өзі «ән» және «күй» жанры деп бөлінеді. Ерте туганы – ән өнері. Әннің шығу тарихына (тарихи), мазмұнына (азаматтық, еңбек, лирикалық, әзіл т.б.), орындалуына (жеке, көп дауысты) байланысты түрлері көп. Осыдан байқағанымыз ән арқылы біз тарихымызды, ондағы оқиғаларды, еңбекке байланысты туындаған тұрмыс-тіршілігімізді, көңіл-күй, сүйіспеншіліктерімізді жеткізе аламыз. Ұлы Абайдың музыкалық мұрасына зер салып қарайтын болсақ, халықтың өмірін, тұрмыс-тіршілігін бейнелегенде шыр етіп дүниеге келгеннен бастап бұл дүниеден өткенде де өлеңмен бірге өмір сүретіндігімізді анық көрсетеді [9, Б.156]. Ал күй жанрына келер болсақ, күй – халқымыздың рухани-болмысының, мәдениетінің, дүниетанымның мол мұрасы. Күй ХІҮ ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Ән жанры сияқты, күй жанры да орындаушылық ерекшелігіне қарай (шертпе, төкпе), шығу тарихына қарай (тарихи, арнау т.б.) бөлінеді. Күй – қазақ халқының көркем ойлау жүйесіне тән ерекше құбылыс. Күйлердің көркемдік бейнесі, әуендік сипаты, философиялық ойға терең екендігі, таным мен талғамға бай, өзіндік ерекшелігімізді айқындап тұрады. Қорытындылай келе, халық музыкасының кез келген жанларын алып қарасақ ақыл-нақыл, өсиет арқылы адамгершілікке, адалдыққа, мейірімділікке, батырлыққа, жақсы мінез-құлықты болу арқылы тәрбиеге шақырып отырады. Сонымен қатар халқымыздың тарихын, өмір салтын, қоғамға деген көзқарасын, ой-санасының жиынтығын көрсете отырып, жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, болмыстағы көзқарасты әсерлі бейнелеуімен, оқушылардың ақыл-ой, сезімі мен танымына түрткі болудың әртүрлілігімен және көркемдік айырмашылығымен өзіне назар аудартады.

Білім беру процесі арқылы адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыру мәселесі қазіргі қоғам алдында тұрған маңызды мәселенің бірі. Пе-

дагогика саласымен қатар философия, әлеуметтік-педагогикалық салалардағы зерттеу жұмыстарында «адамгершілік», «адамгершілік құндылық» туралы зерттелген жұмыстар көп екенін байқаймыз. Басқа халықтар сияқты өз халқымыздың да даму тарихында өзіндік ерекшелігімізді көрсететін философиялық, танымдық ой-пікірлер жеткілікті. «Түркілік дәуірде өмір сүрген ғұлама, ойшылдарымыздың еңбектерін зерделегенде, барлығының басын біріктіретін ортақ мәселе адамдардың отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі мен даналық екенін байқаймыз. Яғни даналық пен сүйіспеншілік сезімі ұрпақ тәрбиесіне жол сілтейтін негізгі бағдар болып отыр» [10, Б.389], – деп айтып өткендей қазақ халқы философиясының қалыптасуы мен дамуының мифтік, тарихи-мәдени бастауына заманауи түрде сараптама жасала отырып, қазақ халқының ежелгі түркілік дәуірдегі дүниетанымдық, адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарын өзінше бір рухани жүйе ретінде қарастырады. Бұл жүйені, адамгершілік құндылықтарды оқушылардың бойында қалыптастыра отырып дамытуды тәрбие негізінде жүзеге асырамыз.

Тәрбие дегеніміз – жеке тұлғаны қоғамдық өмірге дайындауды мақсат ете отырып, оқушыларға халқымыздың тарихи тәжірибесін беру процесі болса, тәрбие жұмысының мақсаты – жеке тұлғаны қалыптастыру. Тәрбиенің адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, патриоттық, дене, еңбек тәрбиесі деген бірнеше түрлері бар. Соның ішіндегі адамгершілік тәрбиесінің баланы, жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы өте зор. Енді осы адамгершілік ұғымы мен адамгершілік тәрбиесіне анықтама беріп өтсек. «Адамгершілік – мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез білімдері мен моральдық қасиеттерді қалыптастыру процесі» – деп Педагогикалық энциклопедияда анықтама берілген болса [11, Б.101],

«Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі» – деп Қазақ педагогикалық энциклопедиялық сөздігінде анықтама берілген. Ал Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «адамгершілік тәрбиесі – ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы» деп түсініктеме береді [11, Б.102]. Жоғарыда берілген анықтамаларға сүйене отырып, «адамгершілік тәрбиесі» деген ұғым туралы «жеке тұлғаға ықпалды тәрбиенің әсері арқылы моральдық санасын қалыптастырып, адамгершілік қасиеттері мен сезімдерін дамытудың жолы» – деп ой қорытуымызға болады.

Педагог ғалымдар А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, Л.И. Божович, Я.А. Коменский, Д. Локк, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци және т.б. өз еңбектерінде адамгершілік тәрбиесіне терең мән беріп, жан-жақты қарастырған. Ж.Ж. Руссоның ойынша «тәрбие – табиғат, адам, зат деп аталатын үш фактордың ықпалы арқылы қалыптасады. Сонымен қатар ол адамгершілік және еркіндік қағидасын ұстанады. Яғни, бала өзінің іс-әрекетінде еркіндікті сезінуі тиіс деп есептейді. Оның талаптарын ол талап қойып жатқандықтан емес, өзіне қажет болып жатқандықтан орындауы керек». Яғни, бұл тәрбиенің негізгі ерекшелігі адамдармен араласу деп айтады. Я.А. Коменский «адамгершілік – тәлім-тәрбие беруде маңызды жол бағыттау, үлгі беру» десе, И.Г. Песталоцци тәрбиенің қай түрі болса да халықтың идеясына сүйену керектігін ұсынады [11, Б.105]. Жалпы адамгершілік тәрбиесі туралы сөз қозғағанда, оны төмендегідей салаларға бөліп қарастырған жөн. Олар: теориялық, практикалық және әлеуметтік сала. Ғасырлар бойы жинақталған тәжірибені жеткізу бойынша – әлеуметтік саланы, теориялық жағынан білім саласын дамытуды – теориялық қызмет саласынан, ал осы тәрбие саласы бойынша жүргізілген жұмыстың мазмұны мен мақсатқа жету жолында

қолданған әдістемелерді – практикалық салада бөліп қарастырған дұрыс. Ж.Ж. Руссо мен И.Г. Песталоцци адамгершілік тәрбиесін әлеуметтік жағынан қарастыруға баса назар аударған. Америкалық психолог Л. Кольберг өз зерттеу жұмысында адамгершілік пен танымдық дамудың өзара байланысын анықтап, өзінің адамгершілік даму теориясын жазды. Ғалым оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді дамытудың үш деңгейін анықтап, әр деңгейлерді өз ішінде екі кезеңге бөлді [12]. Адамгершілік тәрбиесінің негізі мақсаты – оқушының жеке тұлға болып дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін ішкі қарама-қайшылықтардан арылу, тұлғаның жан-жақты тәрбиеленуіне баса назар аудару. Адамгершілік тәрбиесін берудің осындай кең ауқымдылығы халықтың өзінің жақсы қасиеттерінен туындайды, яғни халықтың шыншылдық сезімі, әділеттілігі, қарапайымдылығы, даналығы болып табылады. Осыдан байқағанымыздай ерекше білімді қажет ететін, оның ішінде көзі нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда халық музыкасын қолданып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып оқытып, тәрбие берудің маңызы зор. Ол үшін ең алдымен нашар көретін оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне тоқталып кетсек.

Қазіргі уақытта білім беру саласында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу көкейкесті мәселенің бірі. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуді арнайы педагогика саласы қарастырады. Бұл сала өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді. Көру қабілеті зақымдалған балалардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып, білім беру, тәрбиелеу, түзету – тифлопедагогиканың негізгі қарастыратын мәселесі. Ғ.А. Абаевалардың авторлық бірлестікте шығарған [13, ББ.176-178] «Арнайы педагогика» атты оқулығында «Көру қабілеті туа біткеннен және жүре пайда болады. Көру қабілетінің бұзылулары санатына: көрмейтіндер, кейіннен көрмей қалғандар, нашар көретіндер, амблиопи-

ясы мен қылылығы бар балалар кіреді. Осындай бұзылулардың әсерінен баланың бойында кеңістікті бағдарлау, қимылдық аумағы, әлеуметтік тәжірибесі шектеліп, дүниетанымы тарылып, мінез-құлқында өзгеріс пайда болып, ол оқу мен ойын, еңбек іс-әрекетінде қиындықтар туғызады. Осындай факторлардың әсерінен балада өз-өзіне деген сенімсіздік пен пассивтілік туындайды», – деп балалардың көру қабілетінің зақымдалуына, және оның себептеріне және одан туындайтын салдарына тоқталып, анықтама беріп өтеді. Көру қабілеті зақымдалған балалардың даму үрдісі қалыпты балалар сияқты бір заңдылыққа бағынғанмен, ол балалардың психикалық және физиологиялық дамуының үйлесімді қалыптасуына бағытталған педагогикалық жұмыстың ерекшелігін назарда ұстауды талап етеді. Олар – жарықты, түсті қабылдауда, кеңістіктегі заттардың орналасуын, бағыты мен арақашықтығын, көлемі мен бедерін т.б. сипаттауда үлкен қиындық келтіріп, қимыл-қозғалыстарына кедергі келтіреді. Дегенмен, көру қабілеті зақымдалған балаларда қоршаған ортаны қабылдап, тануына байланысты есту және сезу мүшелерінің жұмысы жақсы сақталады. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беруді ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдарында осы мәселелер қарастырылған. Көру қабілеті зақымдалған балалардың негізгі қабылдау талдағышы – есту қабілеті. Сол себепті қалдық көру қабілетін сақтау үшін нашар көретіндердің көзін шаршатпайтын, көруін, қабылдауын жеңілдететін ерекше жағдайлар жасала отырып білім мен тәрбие беру қажет. Ол үшін оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырғанда қолданылатын жүйе, берілетін білім мазмұны, білім берудегі әдістемелерді дұрыс таңдау маңызды роль атқарады» - деп айтылған [14, Б.20].

Нашар көретін бастауыш сынып оқушыларына білім беру – адамгершілік, физикалық, эстетикалық, еңбек тәрбиесі, оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруды

қамтиды. Сөйлеудің және ойлаудың сақталуы, нашар көретін оқушылардың көпшілігінде компенсаторлық дамудың жеткілікті деңгейі жоғары білім деңгейін игеруге, мораль мен мінез-құлықтың негізгі нормаларын, яғни оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды салыстырмалы түрде оңай игеруге мүмкіндік береді. Рухани-адамгершілік мәдениеттің бір бөлігі адамның мінез-құлқы мен қызметін реттейтін моральдық құндылықтар жүйесі. Көруінде бұзылысы бар балалардың білім беру жүйесінде адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ерекше мән беріледі, себебі бұл бағыт ерекше балалардың қоғамға әлеуметтік кірігуінің тиімділігін қамтамасыз етуге арналған. Арнайы педагогикада ерекше білім алуға қажетті балалардың қай санаты болса да, сол ерекшелігіне байланысты педагогикалық жүйесін анықтап, оларға адамгершілік тәрбие берудің мәселелерін қарастырған Л.С. Заркенова, Н.Н. Омарова, Б.И. Ильясовалардың еңбектерін де қарастырып өттік [15, Б.129].

Көзі нашар көретін бастауыш мектеп оқушыларында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру ерекшеліктері көру қабілетінің бұзылуымен байланысты болады. Олар:

- нашар көретін баланың жеке басының қалыптасуының өзіндік ерекшелігіне әкелетін балалар қызметінің әр түрлі түрлерін меңгерудегі қиындықтар;
- көру қабілеті нашар баланың эмоцияларын білдірудегі қиындықтар, бұл оның рухани-адамгершілік құндылықтардың эмоционалды тәжірибесі;
- баланың әлеуметтік тәжірибесін шектеу, ол адамгершілік құндылықтарға негізделген мәселелерді бағалауда тәжірибесінің жетіспеушілігіне әкеледі.

Нашар көретін балалар моральдық құндылықтарды, нормалар мен этиканың негізгі ұғымдарын игере алады, бірақ көру анализаторының бұзылуы баладағы адамдардың мінез-құлқын бақылауды шектейді, сонымен қатар олардың әрекеттерге еліктеуіне де кері әсерін тигізеді. Яғни мұндай бұзылыс оның адамгершілік, моральдық

құндылықтарды игеру мүмкіндігін шектеп, оны тәжірибе жүзінде іске асыруда қолдану аясының тарылуына алып келеді. Моральдық құндылықтар, мораль туралы кейбір білімді жүйесіз, шашыраңқы түрде қалыптастырады. Алайда, нашар көретін балаларды оқыту мен тәрбиелеуде адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы көру анализаторының жағдайына тәуелсіз болуы мүмкін, сол себепті оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырғанда мұғалім сақталған анализаторларды қолдана отырып, қолайлы қызмет әдістеріне бағдарлауды, өзара іс-қимыл тәжірибесін кеңейтуді қамтамасыз етуі аса маңызды.

Заманауи арнайы педагогика мен психология ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру мен түзету үрдісіндегі тиімді құралдарды саралап қарастырды. Нәтижесінде музыканы қолдану көбірек нәтиже беретіндігін көрсетті. Зерттеуші-ғалымдар музыка өнерін эмоциялық көңіл-күйге, қабылдауға септігін тигізетін маңызды әрі тиімді құралдардың бірі екендігін айтып отыр. Ерекше білімді қажет ететін балалардың эстетикалық, адамгершілік қасиеттері мен талғамдарын қалыптастырып, дамыту - баланың практикалық қызметтегі әлеуеті болып табылатын өнердің әлеуметтік-тәрбиелік функциясын жүзеге асырудың жолы. Музыканы оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеті – ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға түзету мен оңалтуда оңтайлы көмек көрсету. Сонымен қатар адамгершілік тұрғысынан олардың жеке қасиеттері мен өмірлік міндеттерді ұғыну, өзін қалпына келтіру үшін шығармашылық қабілеттерін дамытуына үлес қосу. Ежелгі дәуірде де адамдар жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының барысындағы музыканың әсеріне көбірек көңіл бөлген. Қазақ халқының музыкалық өнері – халықпен бірге жасасып келе жатқан өнер түрі болса, музыка арқылы білім беру мен тәрбиелеудің тамыры ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан педагогикалық тәжірибеден бастау алады [16].

Осындай жағдайларды ескере отырып көру қабілеті нашар балалардың

адамгершілік құндылықтарын халық музыкасы негізінде қалыптастырудың маңызы зор екендігін байқаймыз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, халық музыкасының (халық әндері мен күйлері) оқу-танымдық, тәрбиелік мүмкіндігі өте жоғары. Оған мысал ретінде халық әндері, терме, толғау, жыр, эпикалық шығармалар мен эпостық жырларын, сонымен қатар атақты күйшілері мен күй мұрасын айтуға әбден болады. Бұл оқушылардың халық музыкасы арқылы айналаға көз салып, әлемді тануға мүмкіндіктері мол. Халық музыкасы – тарихпен, ұлттың болмысымен, оның тұрмыс тіршілігімен т.б. байланысты туындаған музыка жанры. Халық музыкасынан біз халқымыздың рухани байлығы мен мәдениетінің өте жоғары екенін білеміз. Ал оның ішіндегі ән және күй жанрының тәлім-тәрбиелік, тағылымдық мәні өте зор. Әрбір музыкалық шығарманың мазмұнында белгілі бір мәселе жайында айтылып, талқыланады. Жоғарыда айтып өткеніміздей зерттеуші-ғалымдар, зерттеуші-педагогтардың жіктеп көрсетіп берген адамгершілік құндылықтарға байланысты ұғымдары халық музыкасының мазмұнында қарастырылуы қажет деп ойлаймыз. Қазіргі адамгершілік құндылықтардың барлығы педагогикалық құндылықтарға жатады. Заман талаптарына сай білім беру мазмұнына да көптеген өзгерістер енгізілуде. Елімізде «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы жасалып, жоба аясында болашақ ұрпақты, яғни заманауи қазақстандықтарды тәрбиелеу барысында білім беру процесін интеллектуалдандыру бойынша ой-пікірлер ұсынылады. Рухани-адамгершілік мәдениет – осы интеллектуалдандыру ресурстарының ең негізгілерінің қатарына кіреді. Осыған орай бәсекеге қабілетті, ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңіре білген ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарымыздың маңыздылығы арта түсуде [17, Б.185]. Сол себепті, адамгершілік құндылықтарды халықтық мұраларымыздан, ұлттық болмысымыздан бөліп алып қарауға болмайды. Демек, оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру үрдісінде халқымыздың рухани, мәдени байлыққа

толы мұраларын негізгі құрал ретінде назарда ұстағанымыз дұрыс.

**Зерттеу әдістері.** Мақаланың негізгі зерттеу әдісі – педагогикалық, ғылыми еңбектерге талдау жасау, халық музыкасы және ондағы адамгершілік қасиеттер мен құндылықтардың тәрбиелік маңызын анықтау. Практикалық бөлімінде сауалнама арқылы оқушылардың халық музыкасына деген қызығушылықтары мен оны қаншалықты деңгейде тыңдайтындықтары анықталып, талдау жасалды. Яғни, талдау, салыстыру, сауалнама, математикалық-статистикалық әдістер қолданылады.

**Нәтиже.** Оқушылардың халық әндері мен күйлері туралы білсе де, көп қызығушылық танытып, тыңдамайтындықтарына сауалнама жасау барысында көз жеткіздік. Нашар

көретін оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда халық музыкасын қолдану негізгі құрал болып табылады. Арнайы зерттеу барысында қалыпты көретін балалармен қатар нашар көретін бастауыш сынып оқушыларының арасында (120 респондент) сауалнамалар алынды. Сауалнамаға Алматы қаласының «Н. Островский атындағы №4 зағип және нашар көретін балаларға арналған арнайы мектеп интернаты» оқушылары және жалпы білім беретін мектеп оқушылары қатысты. Респонденттердің халық музыкасына деген көзқарасын, қызығушылық сипатын анықтау мақсатында төмендегі кестеде (1-кесте) көрсетілген сауалнама сұрақтарына жауап алынды.

1-кесте

**Респонденттердің халық музыкасына деген көзқарасы мен қызығушылық сипаты**

№	Сұрақ	Респондент саны	Оның ішінде	Көрсеткіші
1	Сіз қандай музыкаларды жиі тыңдайсыз?	120	Классикалық	25 (21%)
			Халық музыкасы	15 (13%)
			Заманауи музыкалар	80 (66%)
2	Сізге халық әндері мен күйлерін тыңдаған ұнай ма?	120	Ұнайды	40 (33%)
			Ұнамайды	35 (29%)
			Мүлде тыңдамаймын	45 (38%)

1-кестеде көрсетілген сауалнама нәтижесін 1-ші және 2-ші суреттегі диаграмма арқылы көрсеттік.



Сауалнама нәтижесінен көріп отырғанымыздай, жастардың халық музыкасына қарағанда заманауи музыкаларға деген

қызығушылықтарының басымдығын байқадық. Демек, халық музыкасына деген жастардың қызығушылығы төмен, оны көп



тыңдамайтын себебінен жастардың бойында ең алдымен ұлттық құндылықтар, ұлттық мінез-құлық, ұлттық болмысымыз жойылып кетуі мүмкін деген мәселелер туындайды.

**Қорытынды.** Білім беру үрдісінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға ерекше жағдай жасалып, олардың қабылдау деңгейіне қарай оқу-тәрбие үрдісі ыңғайлы құрылуы шарт. Осы жағдайды ескере отырып, нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда есту қабілеттері негізгі қабылдау талдаушы болғандықтан, біз халық музыкасын есту, тыңдату, шығармашылық түрде орындату арқылы қолданамыз. Нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда халық әндерінің, халық күйлерінің мазмұны, шығарманың көркемдік характері, тәрбиелік мәні т.б. ескере отырып, адамгершілікке баулитын халық шығармаларын қолданудың ықпалы зор екенін байқадық.

Болашақ ұрпағымызға заман талабына сай білім мен тәрбие беру үрдісінде біз өз ұлтымыздың ерекшелігін, даралығын ұрпақ бойына дарытып, сол ежелден келе жатқан құнды мұраларымызды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана алсақ, балалар тек бәсекеге қабілетті маман болып қана қоймай, ұлттық дәстүрімізді, фольклорлық мұраларымызды өз бойына сіңірген адамгершілігі мол, патриот азамат болып өсері сөзсіз. Осы орайда, халық музыкасы нағыз тәрбиенің қайнар көзі деп есептейміз. Ең алдымен «Мәңгілік ел» болып қалу үшін осы рухани, мәдени құндылықтарымызды сақтап, қорғап, оны заманауи үлгіде пайдалана алуымыз қажет. Ал жеке тұлғаның басты құндылығы деп қабылдайтын ұлттық тәрбие мен халық музыкасы әрдайым жоғары тұрады. Жұмыс

барысында нашар көретін оқушылардың адамгершілік құндылықтарын халық музыкасы арқылы қалыптастыру мәселелері мен жолдарын қарастырдық. Осы мәселені анықтау барысында тақырып бойынша қажетті ұғымдарға анықтамалар беріліп, бірнеше зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері мен ұсыныстарына тоқталдық. Қорыта келсек, халық музыкасының ән және күй жанрлары халқымыздың тарихынан, өмір сүру салты мен қоғамдық көзқарастарынан сыр шерте отырып, жоғары танымдық-тәрбиелік қасиеттерімен, болмыстағы көзқарасты музыка және аспаптық орындаушылық өнер арқылы бейнелеуімен, жеке тұлғаға әсер етудегі сан қилы көркемдігімен ерекшеленеді. Біздің халқымыздың адамгершілік құндылықтары өзінің рухани-мәдени мұраларымен тығыз байланыста қалыптасып, дамыған. Өйткені, бұл мұраларымызда тарих, қоғам, тіршілік, мәдениет т.б. тұнып тұр. Яғни, біз халқымыздың ерекшелігіне байланысты өзіміздің адамгершілік құндылықтарымызды қалыптастырамыз. Ерекше білімді қажет ететін балалар қалыпты балалар сияқты білім алуға, еңбекке араласуға және т.б. тең құқылы. Білім беру мен тәрбиелеп, оқытып, дамытуда біз олардың өз мүмкіншіліктерін, білім берудегі ерекшеліктерін ескере отырып қажеттіліктерін толық қанағаттандыратындай жағдай жасауымыз керек. Олардың оқу-тәрбие үрдісіне халық музыкаларын ендіру арқылы, оларды есту, тыңдау, орындату сияқты музыкалық іс-әрекеттермен адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына әсер етіп, дамытуымыз қажет. Ол үшін біз халық музыкаларының озық үлгілерін дұрыс таңдай білгеніміз маңызды.

*Қолданылған әдебиет тізімі:*

- [1] 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы [Электрон. ресурс]. – 2003. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz> (қаралған күні 03.10.2021).
- [2] Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. – Астана: Егемен Қазақстан, 2017. – №70 (29051).
- [3] «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 70 б.
- [4] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана: Егемен Қазақстан, 2007. – № 254-256 (24829).

- [5] Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы /Ред. А. Бермаханов. – А., 1994. –36 б.
- [6] Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы. – Алматы, 1995.
- [7] Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. – Алматы, 1996.
- [8] Балабеков Е. Қазақтың музыкалық фольклоры: болмысы, өзіндік ерекшелігі, тәрбиелік мазмұны мен заманауи өміршеңдігі: оқу құралы. – Алматы: ССК, 2020. – 152 б.
- [9] Абай: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 224 б.
- [10] Алтаев Ж., Касабек А., Масалимова А. Казахская философия: учебник. – Алматы: TechSmith, 2019. – 228 с.
- [11] Сламбекова Т.С. Педагогика: жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы: 2-кітап. Тәрбие теориясы. – Алматы: Эверо, 2019. – 220 б.
- [12] Kohlberg, Lawrence (Oct 1974). «Education, Moral Development and Faith» //Journal of Moral Education 4 (1): 5-16. doi: 10.1080/0305724740040102 (қаралған күні 03.10.2021).
- [13] Абаева Ф.Ә., Төребаева К.Ж., Оразаева Г.С., Қартбаева Ж.Ж. Арнайы педагогика. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2020. – 324 б.
- [14] Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың оқыту үдерісіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 216 б.
- [15] Заркенова Л.С., Омарова Н.Н., Ильясова Б.И. Арнайы педагогика: Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2020. – 180 б.
- [16] Urazalieva M, Kulmanova Sh, Yerbolat A, Zhusupova S, Omirbaeva G, Sultanova M., Akhmetzhanova D./Features of musical education of children with intellectual disabilities//Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2014. – V.5. – Iss.23. – PP.941-950. DOI: 10.5901 / mjss.2014.v5n23p941 (қаралған күні 03.10.2021).
- [17] Таубаева Ш., Иманбаева С., Момбек Ә. Әл-Фарабидің мұрасындағы рухани-адамгершілік ізгілікті құндылықтар жүйесі //Педагогика и психология. –2020. – №1(42). –С.185-196; doi: 10.51889/2020-1.2077-6861.24 [Электронный ресурс]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznu.kz/index.php/ped/issue/view/4/102> (қаралған күні 03.10.2021).

#### References

- [1] 2004-2006 zhyldarga amalğan «Madeni mura» memlekettyk bagdarlamasy [State program “Cultural heritage” for 2004-2006] [Electron. resource]. – 2003. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz> (қаралған күні 03.10.2021).
- [2] Nazarbayev N. Bolashakka bagdar: Rukhany zhangyru [Looking to the future: Modernization of public consciousness]. – Astana: Egemen Kazakhstan. – 2017. – №70 (29051).
- [3] «Mangilik El» patriottik aktisin tusindiru boiyynsha adistemelik kural [Methodical manual for explaining the patriotic act «Mangilik El»] – Astana.: I. Altynsarin atyndagi Ultyk bilim academiasy. – 2016. –70 p.
- [4] Kazakhstan Respublikasinin «Bilim turaly» zani [Law of the Republic of Kazakhstan «about education»]. – Astana: Egemen Kazakhstan, 2007. – № 254-256 (24829).
- [5] Kazakhstan Respublikasinda gumanitaryk bilim beru tuzhyrymdamasy [Concept of humanitarian education in the Republic of Kazakhstan] /Red. A. Bermakhanov. – A., 1994. – 36 p.
- [6] Kazakhstan Respublikasinda tarikhi sana kalypstastyru tuzhyrymdamasy [The concept of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan]. – Almaty. – 1995.
- [7] Kazakhstan Respublikasindagy etnikalyk-madeni bilim tuzhyrymdamasy [Concept of ethnic and cultural education in the Republic of Kazakhstan]. – Almaty, 1996.
- [8] Balabekov E. Kazaktyn muzicalyk folklory: bolmysy, ozindik erekshelegi, tarbielik mazmuny men zamanaui omirshendigi: Oku kuraly. – Almaty: SSK, 2020. – 152 p.
- [9] Abai: olender. – Nur-Sultan: Foliant, 2019. – 224 p.
- [10] Altaev Zh., Kasabek A., Masalimova A. Kazakhskaya filosofia: uchebник. Almaty: izd. TechSmith, 2019. – 228 p.
- [11] Slambekova T.S. Pedagogiya. zhogary oku orny studentterine amalğan oku kuraly: 2-kitap. Tarbie teoriyasy. – Almaty: Evero, 2019. – 220 p.
- [12] Kohlberg, Lawrence (Oct 1974) Education, Moral Development and Faith //Journal of Moral Education 4 (1): 5-16. doi: 10.1080/0305724740040102 (қаралған күні 03.10.2021).

[13] Abaeva G.F, Torebaeva K.Zh., Orazbaeva G.S., Kartbaeva Zh.Zh. Arnajy pedagogika: Okulyk. – Almaty: Evero, 2020. – 324 p.

[14] Erekshe bilim berilüne kazhettiligi bar balalardyn okytu uderisine tiimdi adister men technologiylardy engizu boiynsha adistemelik usynymdardy azirleu. Adistemelik usynymdar. – Astana: Y. Altynsarin atyndagy UBA, 2019. – 216 p.

[15] Zarkenova L.S., Omarova N.N., П'yasova B.I. Arnajy pedagogika: Oku kuraly. – Almaty: Evero, 2020. – 180 p.

[16] Urazalieva M, Kulmanova Sh, Yerbolat A. Zhusupova S. Omirbaeva G, Sultanova M., Akhmetzhanova D. /Features of musical education of children with intellectual disabilities//Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2014. – V.5. – Iss.23. – P.941-950. DOI: 10.5901 / mjss.2014.v5n23p941 (karalgan kuni 03.10.2021).

[17] Taubaeva Sh., Imanbaeva S., Mombek A. Al-Farabidyng murasyndagy rukhani-adamgershilik izgilikti kundulyktar zhuyesy //Pedagogika i psikhologiya. – 2020. – №1(42). – С.185–196: doi: 10.51889/2020-1.2077-6861.24 [Elektronnyy resurs]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/4/102> (karalgan kuni 03.10.2021).

### **Формирования нравственных ценностей слабовидящих учащихся через народную музыку**

*А.Б. Даркембаева<sup>1</sup>, Л.А. Бутабаева<sup>1</sup>,*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

#### *Аннотация*

В этой статье обсуждаются воспитательная значимость народной музыки в формировании нравственных ценностей учащихся с нарушением зрения, в том числе слабовидящих. Цель статьи – показать важность использования народной музыки в формировании нравственных ценностей у учащихся, определить пути ее применения в процессе обучения и воспитания. На основе мнений исследователей даются рекомендации по формированию и развитию нравственных ценностей у слабовидящих младших школьников. В практической части статьи представлены результаты опроса, проведенного с целью выявления интереса учащихся к народной музыке. Результаты анкетирования позволили выработать рекомендации, связанные с использованием народной музыки в учебно-воспитательном процессе. Согласно опросу, учащиеся наблюдали гораздо более низкий интерес к народной музыке, чем к современной. Авторы подчеркивают важность использования народной музыки в формировании нравственных качеств для воспитания подрастающего поколения, истинного патриота, впитавшего в себя национальную музыку своего народа, духовное наследие. Следовательно, если раскрыть воспитательное значение народной музыки в формировании нравственных ценностей, определить важность ее внедрения в учебно-воспитательный процесс слабовидящих учащихся, то завтра наше поколение вырастет гуманным, патриотичным гражданином, вобравшим в себя национальные ценности.

*Ключевые слова:* народная музыка; нравственное воспитание; нравственные ценности; слабовидящие учащиеся; дети с особыми потребностями.

### **The importance of forming the moral values of visually impaired children through folk music**

*A. Darkembayeva<sup>1</sup>, L. Butabayeva<sup>1</sup>,*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Almaty, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

This article discusses the important role and educational significance of folk music in the formation of moral values of visually impaired children. The purpose of the article is to show the importance of using folk music in the formation of moral values among students and identify ways to use it in the process of teaching and

upbringing. Based on the opinions of researchers, recommendations are given on the formation and development of moral values among visually impaired primary school pupils. The practical part of the article presents the results of a survey conducted to determine learners' interest in folk music. The results of the survey made it possible to make recommendations related to the use of folk music in the educational process. According to the survey, learners showed a much lower interest in folk music than in modern music. The authors emphasize that it is necessary to pay special attention to the importance of using folk music in the formation of moral qualities in order to educate a generation that is a true patriot, who has absorbed the National Music and spiritual heritage of his nation. Therefore, if we reveal the educational significance of folk music in the formation of moral values and determine the importance of its inclusion in the educational process of visually impaired pupils, tomorrow's generation will grow up to be a humane, patriotic citizen who has absorbed national values.

*Keywords:* national music; moral education; moral values; visually impaired children; Children with special educational needs.